

Қазақстан Республикасының
индустрия және сауда
Министрлігінің
2003 жылғы 17 қыркүйектегі
N 277 бұйрығымен бекітілген
"Уәкілетті органға мұнай
өнімдерін өткізу мен
өндірудің көлемдері туралы
ақпаратты автоматты түрде
беруді қамтамасыз ететін
бақылаушы есептеу аспаптарын
қолданудың Ережелерін бекіту
туралы"

**Уәкілетті органға мұнай өнімдерін өткізу мен
өндірудің көлемдері туралы ақпаратты автоматты
түрде беруді қамтамасыз ететін бақылаушы есептеу
аспаптарын қолданудың Ережелері**

Уәкілетті органға мұнай өнімдерін өткізу мен өндірудің көлемдері туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін бақылаушы есептеу аспаптарын қолданудың осы Ережелері (әрі қарай - Ережелер) Қазақстан Республикасының "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Заңын (әрі қарай - Заң) орындауға, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өткізу мен өндіруді бақылауды жүзеге асыру мақсатында әзірленген.

1. Жалпы ережелер

1. Мұнай өнімдерін өндірушілердің мұнай өнімдерін өндіру мен өткізуі уәкілетті органға мұнай өнімдерін өткізу мен өндірудің көлемдері туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін бақылаушы есептеу аспаптары (әрі қарай - есептеу аспаптары) болған жағдайда мүмкін.

2. Уәкілетті орган ретінде Заңмен анықталған, өз құзыреттілігі шегінде мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған мемлекеттік орган болып табылады.

3. Есептеу аспаптары ретінде мұнай өнімдерін өткізу мен өндірудің көлемдері туралы қажетті ақпаратты үздіксіз өлшейтін және ара қашықтыққа беретін,

өңдейтін, сақтайтын және беретін (индикаттау), арнайы аспаптар пайдаланылады

2. Есептеу аспаптарын қолдану тәртібі

4. Есептеу аспаптарын орнатуды мұнай өнімдерін өндірушілер жүзеге асырады.

5. Есептеу аспаптарын орнатуда стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органының нормативті құжаттарының келесі талаптары сақталады :

1) есептеу аспабы түрін бекіту мақсатында сынақтан немесе метрологиялық аттестаттаудан өтуі тиіс және оның түрі Қазақстан Республикасы өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелуі тиіс;

2) есептеу аспабы заңнамалықпен белгіленген тәртіпте салыстырып тексерілуі тиіс.

6. Мұнай өнімдерін өндірушілер уәкілетті органға мұнай өнімдерін өткізу мен өндірудің көлемдері туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз етуі қажет.

7. Есептеу аспаптарынан алынған ақпарат уәкілетті органның мұнай өнімдерін өндіру мен айналымының біртұтас электрондық деректер базасына енгізіледі. V042751

8. Есептеу аспаптарының жоқтығы және (немесе) жарамсыздығы жағдайында мұнай өнімдерін өндірушілермен мұнай өнімдерін өндіру мен өткізу жүзеге асырылмайды.